



URALSK
GREEN
FORUM



Орал қаласы

26 қазан 2021 жыл

IV ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ФОРУМ ҚАТЫСУШЫЛАРЫНЫҢ РЕЗОЛЮЦИЯСЫ

2021 жылғы 26 қазанда Орал қаласында «Uralsk Green Forum» (UGF) IV Халықаралық экологиялық форумы өтті.

Аталған форумның бастамашысы Карачаганак Петролиум Оперейтинг б. в. компаниясы (бұдан әрі - КПО) және Батыс Қазақстан облысының әкімдігі болып табылады. Форум дәстүрлі түрде Дүниежүзілік қоршаған орта күніне қарай орайластырылған және оның негізгі күн тәртібі кәсіпорындар мен үкіметтік органдар арасындағы ашық диалог арқылы өзекті экологиялық проблемаларды талқылау болып табылады.

Бұл форум жыл сайын өткізіледі және оның негізгі мақсаты қоршаған ортаны қорғаудың өзекті мәселелерін үкіметтік органдар, кәсіпорындар және азаматтық қоғам арасындағы диалог форматында талқылау болып табылады.

Форумның негізгі мақсаттары:

- Қалдықтарды басқару саласындағы экологиялық заңнаманың жаңа қағидаттарын түсіндіру;
- Қалдықтарды басқару тәжірибесімен және озық практикалармен, қалдықтарды өңдеудің ең озық қолжетімді технологияларымен алмасу;
- Батыс Қазақстан облысының қалдықтарды қайта өңдеу деңгейін арттыру және өңірде «жасыл» бизнесті дамыту;

- Қалдықтардың пайда болуын азайту және бөлек жинау практикасын сақтау саласында халықтың экологиялық хабардарлығын арттыру.

Форум «гибридті» форматта өтіп, 80-ге жуық оффлайн және 150-ден астам онлайн қатысушыларды біріктірді, олардың ішінде Қазақстан Республикасы Экология, Геология және Табиғи Ресурстар Министрлігінің, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің өкілдері, табиғат пайдаланушы компаниялардың, қалдықтарды қайта өңдеумен айналысатын компаниялардың, азаматтық қоғамның өкілдері: экологиялық қауымдастықтар, экология саласындағы сарапшылар мен мамандар, білім беру мекемелері, республикалық және өңірлік БАҚ өкілдері;

Форумға қатысушылар өткізілген іс-шараның тиімділігін атап өтті және келесі құжаттарды басшылыққа ала отырып:

- Қазақстан - 2050 Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты;
- Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшу тұжырымдамасы;
- Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылғы Жолдауы - «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі»;
- Қазақстан Республикасының Президенті Қасым - Жомарт Тоқаевтың 2021 жылғы Жолдауы - «Халық бірлігі және жүйелі реформалар-елдің өркендеуінің берік негізі»;
- Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспары;
- Қазақстан Республикасында азаматтық қоғамды дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасы;
- Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқаруды дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы: «Ең алдымен адамдар» - «адамға бағдарланған» моделін қалыптастыру;
- 2021-2025 жылдарға арналған БҰҰ-Қазақстан тұрақты даму мақсатындағы ынтымақтастықтың негіздемелік бағдарламасы;

Батыс Қазақстан өңірінің тұрақты дамуына бейілділігін білдіріп, келесі келісімге келді:

1. Бірлесіп, ашық өзара қарым-қатынаста, өңір болашағының бейнесін қалыптастыруға мүмкіндік беретін БҰҰ ұсынған ТДМ халықаралық әдіснамасы негізінде Батыс

Қазақстан облысының тұрақты даму стратегиясын (бұдан әрі - Стратегия) қалыптастыру үшін сарапшылық қоғамдастықты шоғырландыру;

2. Стратегияны қалыптастыру кезінде сарапшылар қауымдастығы төмендегілерді ескеруі қажет:

2.1. Экологиялық аспект - өндіріс және тұтыну қалдықтарын басқару жүйесін дамыту, экономиканы декарбонизациялау, биоалуантүрлілікті және су ресурстарын сақтау, жасыл екпелерді ұлғайту;

2.2. Әлеуметтік аспект - азаматтардың өзін-өзі танытуын дамыту, тең мүмкіндіктері бар инклюзивті қоғамды қалыптастыру, гендерлік саясатты күшейту;

2.3. Экономикалық аспект - тұрақты және жасыл инвестициялар тарту жүйесін әзірлеу, шағын және орта бизнестің рөлін күшейту;

2.4. Азаматтық қоғам, бизнес, мемлекеттік басқару, даму институттарының өкілдерін тарту;

2.5. БҰҰ ТДМ бойынша облысты дамытудың инклюзивті электрондық платформасын құру;

2.6. Даму жобаларын мониторингтеу мақсатында ESG (Экологиялық, әлеуметтік және корпоративті басқару) өлшемшарттарын назарға алу.

3. Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің үйлестіруші рөлімен Стратегияны қалыптастыру үшін бірлескен күш-жігер жұмсау және ресурстарды шоғырландыру.

4. Бекітілгеннен кейін Стратегияны іске асыру барысы бойынша жыл сайынғы есеп беру кездесулерін өткізу.

Сонымен қатар, форумға қатысушылар тарапынан төмендегідей ұсыныстар жасалды:

1. Негізгі мақсаттары мен міндеттері келесідей болатын БҚО қалдықтарды басқару қауымдастығын ұйымдастыру:

- Қауымдастық мүшелерінің мүддесіне өкілдік ету және қорғау;
- ҚР қалдықтарға қатысты нормативтік құқықтық базасын дамыту бойынша ынтымақтастық орнату;

- Қалдықтарды қайта өңдеу саласын қолдау;
- Қалдықтарды бөлек жинау жүйесін енгізу;
- Тәжірибе алмасу үшін ақпараттық алаң құру;

2. Экологиялық мәдениет пен білімді дамыту саласындағы стартаптар мен жобаларды ілгерілетуге үлес қосу.

Осы резолюцияның электронды нұсқасы www.ugf.kz сайтында жарияланған.